

«22» 01 2024 ж.
№ 19 бұйрыққа
1-қосымша

**«Мейірімді қала тұрғындары»
тақырыбындағы эссе байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Әлемнің ұстазы, ғалым, ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1155 жылдық мерейтойы қарсаңында қала мектептерінің жас педагогтеріне арналған «Мейірімді қала тұрғындары» байқаудың ережесі, мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, конкурс кезеңдеріне қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Ұйымдастырушы: «Әдістемелік орталығы» МКҚК, «Орта білім беру» бөлімі.

3. Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы жас педагогтері қатыса алады.

4. Өтетін уақыты: 2024 жыл 23 ақпан

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: педагогтердің шығармашылық қабілетін шыңдау арқылы сыни ойын жетілдіре отырып, кәсіби өсуіне ықпал жасау.

Міндеттері:

- елжандылық сезімін дамыту және оның болашағы үшін жауапкершілікке тәрбиелеу;
- психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзыреттілігін дамыту;
- педагогтердің үздік тәжірибелік қызметін жалпылау және тарату;
- педагогтерді белсенді шығармашылық қызметке тарту.

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Байқауды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін байқаудың комиссия мүшелері құрылады.

2. Байқаудың комиссия мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызмет, қалалық педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар 1 ай бұрын орталықтың сайтында <https://astana-modern.edu.kz> орналастырылады.

5. Қалалық комиссия құрамы байқауды бағалайды, қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, шешім шығарылып, жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

IV. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Байқауға қатысу үшін қатысушы 2024 жылдың 20 ақпанға дейін электронды поштасына (shkolny_otdel_208@mail.ru) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін өтінім жіберуі қажет.

4.2. Байқаудың кезеңі:

Байқауға қатысушы «Мейірімді қала тұрғындары» тақырыбы бойынша офлайн форматта 23 ақпан күні эссе жазады (өтетін орны мен уақыты қосымша хатпен хабарланады).

Тапсырма: 1. Әл-Фарабидің «Қоғамдық өмірдің идеалы – қайырымды қала» трактатындағы құндылықтарды бойға сіңіру нәтижесінде қол жеткізуге болатынын білдіретін философиялық көзқарасы "Қазіргі қоғамды не құтқарады?"- деген сұрақтың жауабы бола алатындығын және Астана қаласының мәдениетін дамытудағы қосатын үлесі жөнінде дәлелдеп жаз.

2. Эссе тақырыбы негізінде рефлексия жүргізу.

V. Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар:

5.1. Байқауға еңбек өтілі 1-3 жыл аралығындағы жас педагогтер қатыса алады.

5.2. Автор жұмысын тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, интернетте орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өндеуге құқығын береді.

5.3. Эссе, жоба жұмыстарын ұсына отырып, қатысушы келісімін береді:

- өзі туралы жеке мәліметтерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары, суреті (фотосуреттері) және басқа да жеке мәліметтер) пайдалануға және өндеуге;

- өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерді (фотосуреттерді) сайтқа, сондай-ақ You Tube, Facebook-ті қоса алғанда, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға.

VI. Бағалау критерийлері:

- берілген тақырып пен жанрға сай болуы;
- аталған қандай да бір фактілердің дұрыстығы;

- авторлық көзқарасы мен шығармашылығы
 - стилдік бірлік, сөз көркемдігі мен сөз қорының молдығы
- Сөз саны-450-500 сөз. Жауап берілетін уақыт-3 сағат
- Ескерту! Қазылар шешімі түпкілікті болып табылады, апелляция қарастырылмайды!

VII. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Қорытындысы байқау өткеннен кейін 3 күннің ішінде орталық сайтына жарияланады.

6.2. Қалалық комиссия мүшелері байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпазды жүлдегерлерді (1, 2, 3 орын) анықтайды.

6.3. Байқау нәтижесі бойынша қатысушылар Сертификат және жеңімпаздарға 1,2,3 дәрежелі Дипломымен марапатталады. Марапаттау рәсімі қосымша хабарланады.

6.4. Байқаудың нәтижелері бойынша эссе жинағы орталық сайтына (<https://astana-modern.kz>) орналастырылады.

Анықтама телефоны: Қалмағанбетова Б. (87788904657)

1-қосымша

**«Мейірімді қала тұрғындары»
тақырыбындағы эссе байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Лауазымы	
3	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
4	Байланыс телефоны	
5	Еңбек өтілі	